

## Көкпекті ауданы Самар, Шұбарқайың ауылдарының көшелерін атауын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Самар ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 3 маусымдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 маусымда № 7161 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысының негізінде, Самар, Шұбарқайың ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып, Самар ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көкпекті ауданының Самар ауылының келесі көшелерінің атаулары:

- 1) Красноармейский тұйық көшесі Әлия Молдағұлова тұйық көшесі;
- 2) Комсомольский тұйық көшесі Жастар тұйық көшесі болып өзгертілсін.

2. Көкпекті ауданының Шұбарқайың ауылының келесі көшелерінің атаулары:

- 1) Первая көшесі Бейбітшілік көшесі;
- 2) Вторая көшесі Достық көшесі;
- 3) Третья көшесі Тәуелсіздік көшесі болып өзгертілсін.

3. "Самар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етеді:

1) осы шешімді Шығыс Қазақстан облысының Әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді;

2) осы шешім мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Көкпекті ауданының аумағында таратылатын мерзімдік басылымдарға ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Көкпекті ауданы әкімінің интернет – ресурсында орналастырылуын.

4. Осы шешімінің орындалуына бақылау жасау өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК